

## **«МУЗЫКАЛЫ КОЛЛЕД ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Музыкалық колледж қызметінің қағидалары туралы» осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 11-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білімнің білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені Мемлекеттік мекеме болып табылады.

1.3. Кәсіптік білім музыкалық колледжде негізгі орта және жалпы орта білім негізінде «Білім туралы» Заңның 32 бабына сәйкес алынады.

1.4. Музыкалық колледждің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) студенттердің кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;
- 3) теориялық және тәжірибелік оқыту арасындағы өзара байланысын қамтамасыз ететін және әркімге білімге негізделген өзінің жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамыту;
- 4) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақтылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың инновациялық, компьютерлік технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мен практика бойынша білім беру бағдарламаларын ықпалдастыру;
- 6) музыкалық білім беру саласында білікті маманды оқыту және шығару;
- 7) шығармашылық, концерттік – орындаушылық қызметті жүзеге асыру.

1.5. Колледж қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамасына, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, осы Ережеге, кешен Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6. Музыкалық колледж 5 (бес) білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын және білім алушылардың білімі мен тәрбиесін қамтамасыз ететін заңды тұлға болып табылады.

### **2. Музыкалық колледж қызметінің тәртібі**

2.1.Музыкалық колледж «Білім туралы» заңда, осы Ережеде және Кешен жарғысында белгіленген шектерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, кадрларды іріктеу мен орналастыруға, оқу-әдістемелік, қаржы-шаруашылық қызметке дербес.

2.2.ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын музыкалық колледж өз қызметін қолданыстағы «Білім туралы» Заңға сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

2.3.Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу, тәжірибелік, концерттік-орындаушылық қызметті жоспарлау болып табылады.

2.4.Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

2.5.Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестесі және теориялық және тәжірибелік сабақтар (топтық және жеке) кестесі негізінде жүзеге асырылады.

2.6.ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжде оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және тәжірибелік оқытуды есепке алудың қағаз журналдарын, жеке сабақтар журналын, оқу сағаттарында оқу бағдарламаларын орындау нысандарын, жұмыс уақытын есепке алу табельдерін жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2.7.Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде, өз кезегінде ТжКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген 2019 жылы енгізілген толықтырулармен ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледж әзірлейді.

2.8.Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, музыкалық колледжде білім алуға қол жеткізуге жағдай жасауға байланысты оқыту күндізгі түрде, 3 жыл 10 ай мерзімге, қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

2.9.Колледжге оқуға қабылдау тәртібі оқу орнының ерекшелігін, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты мен регламентін, ҚР БҒМ 14.04.2015 жылғы № 200 бұйрығын ескере отырып, «Білім туралы» Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес белгіленеді.

2.10.Білім алушыларды ауыстыру тәртібі «ТжКБ, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандарты мен регламентіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына, басшы бекіткен «Музыкалық колледжде ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары туралы» Ережеге сәйкес іске асырылады.

2.11. Музыкалық колледжде студенттерге академиялық демалыс беру «ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты мен регламентіне, ҚР БҒМ 27.07.2017 жылғы № 357 бұйрығына, ҚР БҒМ 17 наурыз 2015 жылғы № 506 бұйрығымен бекітілген ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың академиялық демалыс беру қағидаларына, толықтырулармен, 31.10.2018 жылғы № 605 бұйрығына, басшы бекіткен «Музыкалық колледжде ауыстыру және қайта қабылдау ережелері туралы» сәйкес іске асырылады.

2.12. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына, 14.06.2018 жылғы № 272, 25.09.2018 жылғы № 494 бұйрықтарға, басшы бекіткен «Музыкалық колледжде білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары» Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2.13. Музыкалық колледждегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына сәйкес (соңғы жаңартулар) 24.05.2018 жылғы № 156-VI, 26.12.2019 жылғы № 289-VI бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.14. Музыкалық колледжде оқу жылы 1 қыркүйектен 28 маусымға дейін оқу процесінің кестесіне сәйкес басталады және аяқталады. Толық оқу жылы ішінде екі рет студенттер үшін жалпы ұзақтығы жылына 11 аптадан аспайтын демалыс белгіленеді, оның ішінде қысқы кезеңде 2 апта 12 қаңтар мен 25 қаңтар аралығында, жазғы кезеңде 29 маусым мен 31 тамыз аралығында.

Сабақ кестесі оқу процесінің кестесіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес құрастырылады.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут, үзіліс 5 минут, 90 минут, үзіліс 2 академиялық сағаттан кейін 10 минут, оркестрлік сыныпта 3 сағат академиялық сағат белгіленеді.

Білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 3-ші парадан кейін 13.15-тен 14.00-ге дейін ұзақтығы 45 минут үзіліс қарастырылған.

2.15. Музыкалық колледж білім алушыларда тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, соның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

2.16. Музыкалық колледжде оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық жұмыстар және топпен немесе жеке практикалар түрінде өткізіледі.

Студенттерді оқыту және тәрбиелеу сапасын, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру және әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында колледжде педагогикалық және әдістемелік кеңестер, мастер кластар, конференциялар, семинарлар, конкурстар мен фестивальдар, концерттер және басқа да қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлерде іс-шаралар өткізіледі.

2.17. Колледждегі білім беру процесінің қатысушылары студенттер, педагогикалық қызметкерлер, қызметкерлер және кәмелетке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.

2.18. Музыкалық колледждегі педагогикалық қызметкерлерге білім беру қызметімен айналысатын, білім беру, музыкалық білім беру саласында ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім алушыларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты адамдар жатады.

2.19. Педагогикалық қызметкерлердің саны және колледждегі педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесі негізінде анықталады.

2.20. Педагогикалық қызметкерлердің лауазымдарына орналасу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2.21. Оқу-тәрбие процесін басқару үшін оқу тілін ескере отырып, мамандықтар, курстар бойынша бөлімдер құрылады.

2.22. Бөлімді колледж басшысы тағайындайтын сынып жетекшілері басқарады. Сынып жетекшілері:

- 1) бөлімде оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастыру және тікелей басқаруды;

- 2) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындауды;

- 3) студенттердің үлгерімін есепке алуды ұйымдастыруды
- 4) студенттердің тәртібін бақылауды;
- 5) студенттің практикалық оқуын бақылауды;
- 6) стипендиялық комиссияның жұмысына қатысуды;
- 7) бөлім бойынша жұмысты есепке алу және есеп беруді қамтамасыз

етеді.

2.23. Музыкалық колледждегі оқу үрдісі теориялық (топтық) және жеке оқытуды, сондай-ақ тәжірибе жетекшісінің басшылығымен тәжірибе базасында (ішкі және сыртқа шығару) орындалатын кәсіптік практиканы қамтиды.

2.24. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген, 29.09.2018 жылғы № 521 бұйрығы толықтырулармен «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидалары», басшы бекіткен «Практика базасы ретінде ұйымдарды анықтау және кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу туралы қағидалары» ережесі негізінде жүзеге асырылады.

2.25. Практика базалары: ББММ, БММ, ЖББМ, балабақшалар-мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бейініне байланысты колледжде жұмыс оқу бағдарламалары мен кәсіптік практиканың мазмұнын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған кәсіптік білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

Практика базалары:

- 1) теориялық оқытуды практикамен ұштастыру;
- 2) білім алушылардың оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кәсіптік дағдыларды алуы;
- 3) қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсету.

2.26. Практиканың тізбесін, мазмұны мен талаптарын кадрларды даярлау жүзеге асырылатын жұмыс берушілермен келісім бойынша тікелей колледж анықтайды.

2.27. Музыкалық колледжде басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, типтік ережелерге, Кешен жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

2.28. Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін жауапкершілікті колледж басшысы жүзеге асырады.

2.29. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжді (кешенді) аккредиттеу бес жылда бір рет жоспарлы тәртіппен ерікті түрде жүргізіледі және колледж (институционалдық) бойынша да, мамандықтар (мамандандырылған) бойынша да жүзеге асырылады.

2.30. Колледждің педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

2.31. Музыкалық колледжде басқарудың алқалық органдары құрылған: педагогикалық (үлкен, кіші), әдістемелік, қамқоршылық кеңестер.

2.34. Кітапхана қорының болуы типтік оқу жоспарларына, білім беру бағдарламаларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты қалыптасады.

2.35. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын музыкалық колледж білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзекті етуді қамтамасыз етеді.

2.36. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын музыкалық колледж студенттерге «орта буын маманына» сәйкес келетін біліктілік береді.